# "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 123 шешімі

Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 19 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" тетіктерін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 1.3-тармағына сәйкес және Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 4 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" тетіктерін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі 2015 жылға арналған егжей-тегжейлі жоспардың 1.3.4-тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесі** бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқа төрағасы* | *В. Христенко* |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 123 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

## "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау ӘДІСТЕМЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістеме Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 19 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" тетіктерін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары XII бөлімінің 1.3-тармағына) және Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 4 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" тетіктерін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі 2015 жылға арналған егжей-тегжейлі жоспардың (бұдан әрі – егжей-тегжейлі жоспар) 1.3.4-тармақшасына сәйкес **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау** мақсатында

әзірленген және жөніндегі іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 1.4-тармағында және егжей-тегжейлі жоспардың 1.4-тармағында көзделген **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне** талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

Осы Әдістеме Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер) осындай талдау жүргізу кезінде әдістемелік ұсынымдар ретінде пайдалануына арналған.

2. Осы Әдістеме Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйымдары мен мамандандырылған мекемелерінің "бірыңғай терезе" тетігін құру жөніндегі ұсынымдары мен нұсқаулықтарының, Дүниежүзілік кеден ұйымының шығару уақытын зерттеу жөніндегі нұсқаулығының, Дүниежүзілік кеден ұйымының "Бірыңғай терезе" ортасын қалай жасауға болады" деген компендиумының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңнамасын салыстырмалы түрде талдау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың, Комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінің (бұдан әрі – Жалпы процестер жөніндегі әдістеме) ережелеріне негізделеді.

Осы Әдістемеде:

Комиссия жүргізген "Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін іске асыру туралы" тақырыптық зерттеудің нәтижелері;

егжей-тегжейлі жоспардың 1.2-тармағына сәйкес дайындалған мүше мемлекеттерде сыртқы экономикалық қызметке байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді (бұдан әрі – бизнес-процестер) модельдеу мен талдау тәсілдері туралы есеп;

халықаралық семинарлар, конференциялар және халықаралық сарапшылармен консультациялар барысында алынған тәжірибе мен білім ескерілген.

Егжей-тегжейлі жоспардың 1.4.4-тармағында көзделген сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарда қамтылған мәліметтерді үндестіру және азайту жөніндегі мүмкіндіктерді талдау егжей-тегжейлі жоспардың 3-бөліміне сәйкес әзірленетін әдістеменің негізінде жүргізіледі.

## II. Анықтамалар

3. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"актілер" – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер және мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілері;

"бизнес-процестерді талдау" – мүдделі тұлғалар, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары және (немесе) уәкілетті ұйымдары жасайтын процестерді сәйкестендіру,

бағалау және кейіннен оңтайландыру мақсатында олар туралы деректерді жүйелендірілген түрде жинау;

"уақыт және қаржы шығындарының графиктері" – бизнес-процестердің оларды аяқтау үшін қажетті уақыт және қаржы шығындарымен өзара байланысын сипаттайтын графиктер;

"прецеденттер диаграммасы" – негізгі бизнес-процестерді және оларға қатысатын субъектілерді көрсететін диаграмма;

"мүдделі тұлғалар" – мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, заңды тұлға болып табылмайтын ұйым, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

"бизнес-процестің карточкасы" – іс-қимылдар схемасында көрсетілген бизнес-процестің егжей-тегжейлі мәтіндік сипаттамасы;

"тауарлардың орнын ауыстыру бағыттары" – тауарларды Одақтың кедендік аумағына әкелу, тауарларды осындай аумақтан әкету және тауарларды Одақтың кедендік аумағы арқылы транзиттеу;

"іс-қимылдар схемасы" – мүдделі тұлғалар, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары және (немесе) уәкілетті ұйымдары бизнес-процесте орындайтын іс-қимылдардың прецеденттер диаграммасында келтірілген графикалық сипаты;

"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің элементтері" – мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары, уәкілетті ұйымдары мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл тетігінің жиынтығында "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін құрайтын құрамдас бөліктері.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге ұғымдар іс-шаралар жоспарында айқындалған мағынада түсініледі.

## III. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдаудың мақсаты мен міндеттері

4. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізудің мақсаттары** мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың жай-күйін бағалау және әр мүше мемлекет бойынша сыртқы экономикалық қызметті реттеу, бизнес-процестерді оңтайландыру жүйесінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін одан әрі дамыту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын қорытынды дайындау, сондай-ақ " бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін жақындастырудың басым бағыттарын айқындау болып табылады**.

5. Жүргізілетін талдау шеңберінде мынадай міндеттер шешіледі:

а) мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ұйымдық-құқықтық негізін талдау** (бұдан әрі – **ұйымдық-құқықтық негізді талдау**), ол мынаны қамтиды:

Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 68 шешімімен бекітілген **Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын (бұдан әрі – Негізгі бағыттар) және іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін құрылған институционалдық негізді талдау**;

**"бірыңғай терезе" тетігін енгізу және дамыту мәселелерін реттейтін актілерді талдау** ;

мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің қамту салаларын талдау** ;

**"бірыңғай терезе" тетігін дамытуға кедергі болатын тосқауылдар мен құқықтық олқылықтарды анықтау тұрғысынан сыртқы экономикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу салалары бойынша актілерді талдау**;

мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" тетігін іске асырудың құқықта қолдануға болатын практикасын зерттеу**;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** құруға бағытталған ұлттық жобалардың нысаналы көрсеткіштерін айқындау;

б) мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың** технологиялық негізін талдау (бұдан әрі – технологиялық негізді талдау), ол мынаны қамтиды:

экспорттық, импорттық және транзиттік басым операциялардың (бұдан әрі – басым операциялар) тізбесін айқындау;

басым операциялар тізбесіне сәйкес қазіргі бизнес-процестерді талдау, олардың автоматтандырылу дәрежесі мен деңгейін айқындау;

қағаз жеткізгіштегі құжаттардан электронды құжаттарға көшу кезіндегі "осал тұстарды" айқындау;

в) мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдау** (бұдан әрі – **ақпараттық-техникалық негізді талдау**), ол мынаны қамтиды:

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін дамытудың жай-күйін талдау** (экспресс-**талдау**);

**"бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін дамыту бойынша мүше мемлекеттердің ұлттық бағдарламаларын зерделеу**;

мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құру үшін техникалық мүмкіндіктер мен құқықтық негіздерді айқындау**;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің шеңберінде міндетті төлемдерді электронды түрде төлеу практикасы мен осындай қызмет көрсетуді ұсыну мүмкіндігін талдау**;

мүдделі тұлғалардың мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ( немесе) уәкілетті ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық үкімет, ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл, электрондық құжат айналымы жүйелерін дамытудың жай-күйін талдау;

г) мүше мемлекеттердегі **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің күшті және әлсіз жақтарын, осы тетіктерді дамыту мүмкіндіктері мен перспективаларын талдау**, ол мынаны қамтиды:

Негізгі бағыттарды іске асыру кезінде мүше мемлекеттерде реттеу қажет мәселелерді анықтау;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** дамыту мақсатында әлеуетті күшейтуді және ұйымдық-құқықтық, технологиялық және ақпараттық-техникалық көмек көрсетуді талап ететін басым салаларды айқындау;

д) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** одан әрі дамытуға, бизнес-процестерді оңтайландыруға, сондай-ақ **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** жақындастырудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау.

## IV. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау объектілері

6. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** дамытудың жай-күйіне талдау жүргізу кезінде мынадай объектілер қаралады:

а) **"бірыңғай терезе" тетігін енгізу мен дамытуды, соның ішінде Негізгі бағыттар мен іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін** институционалдық негіз;

б) **"бірыңғай терезе" тетігін енгізу мен дамыту мәселелерін реттейтін актілер**;

в) сот және әкімшілік шешімдер;

г) мүше мемлекеттердегі "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің қамту саласы;

д) **"бірыңғай терезе" тетігін дамытуға кедергі болатын тосқауылдар мен құқықтық олқылықтарды анықтау тұрғысынан сыртқы экономикалық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу салалары бойынша актілер**;

е) мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" тетігін іске асырудың құқықта қолдану практикасы**;

ж) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін** құруға бағытталған ұлттық жобалардың нысаналы көрсеткіштері;

з) оларды белгілейтін актілерді қоса алғанда, басым операциялар шеңберіндегі бизнес-процестер;

и) "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін дамыту бойынша мүше мемлекеттердің ұлттық бағдарламалары;

к) мүше мемлекеттерде құрудың техникалық мүмкіндіктері мен құқықтық негіздерін айқындау бөлігінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы;

л) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігі шеңберінде міндетті төлемдерді электронды түрде төлеу практикасы және осындай қызмет көрсетуді ұсыну мүмкіндігі;

м) мүдделі тұлғалардың мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ( немесе) уәкілетті ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауы кезінде электрондық үкімет, ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл, электрондық құжат айналымы жүйелері.

7. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

а) ұйымдық-құқықтық негізді талдау;

б) технологиялық негізді талдау;

в) ақпараттық-техникалық негізді талдау.

8. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау мүше мемлекеттерден түскен қорытынды есептердің негізінде осы Әдістеменің 2-тармағында көрсетілген Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынымдары мен нұсқаулықтарына және Дүниежүзілік кеден ұйымының нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

**V. Зерттелетін қызметтің реттеу салалары мен түрлері**

9. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау мынаны қамтиды:

а) мемлекеттік реттеудің сыртқы экономикалық қызметті қозғайтын салалары: кедендік, валюталық, салықтық, кеден-тарифтік, тарифтік емес, техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану, қаржы (банк, сақтандыру) қызметтерін көрсетуді реттеу, көлік және тасымал, зияткерлік меншік және т.б.;

б) қызмет түрлері: сыртқы сауда, көліктік және логистикалық қызмет көрсетуді, қаржы (банк, сақтандыру) қызметтерін көрсетуді ұсыну, кеден ісі.

**VI. Ақпарат көздері**

10. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізу кезінде мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

а) бастапқы: актілер, соның ішінде жарлықтар, ұлттық (мемлекеттік) бағдарламалар, қаулылар, іс-шаралар жоспарлары ("жол карталары") және т.б.;

б) қайталама: мүше мемлекеттердің заңнамасына түсініктемелер, регламенттер, хаттар, нұсқаулықтар, өкімдер, ведомстволық бұйрықтар, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының және (немесе) уәкілетті ұйымдарының сыртқы экономикалық қызмет саласындағы есептері, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының тапсырысы бойынша орындалған тәуелсіз сарапшылардың есептері ( мысалы, "Беларусьте саудадағы реттеушілік және рәсімдік тосқауылдар", "Қазақстанда саудадағы реттеушілік және рәсімдік тосқауылдар", "Ресей Федерациясының заңнама жүйесінің сыртқы сауда үшін "бірыңғай терезе" қағидатын енгізуге әзірлігін зерттеу"), сот және әкімшілік шешімдер, талдамалық материалдар және т.б.

11. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізу кезінде мүше мемлекеттердің заңнамасына шолу жөніндегі мақалалар, әртүрлі конференциялар мен семинарлардың есептері мен ұсынымдары, халықаралық

түсініктемелер және басқа ашық ақпарат көздері де қосымша ақпарат көздері ретінде пайдаланылады.

## VII. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар

12. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдауды мүше мемлекеттер мен Комиссия осы Әдістемеге сәйкес және іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 1.4-тармағында белгіленген мерзімдерде жүргізеді.

Ресурстарды оңтайлы орналастыру және белгіленген мерзімдерді сақтау мақсатында ұйымдық-құқықтық негізді талдау, технологиялық негізді талдау және ақпараттық-техникалық негізді талдау қатар жүргізілуі мүмкін.

13. Мүше мемлекеттер "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізуді ұйымдастыру үшін жауапты мемлекеттік органды айқындайды ( жұмыс тобын құрады) (бұдан әрі – мүше мемлекеттің жауапты органы).

14. Мүше мемлекеттің жауапты органы "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарды, уәкілетті ұйымдарды және бизнес-қоғамдастық өкілдерін (бұдан әрі – талдауға қатысушылар) айқындайды.

Бұл ретте талдауға қатысушылардың құрамын іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін тетіктің іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 6.1-тармағында көзделген ұйымдық құрылымын негізге ала отырып, тақырыптық блоктар бойынша (" электронды кеден", "ақы төлеу, төлемдер және электронды коммерция", "рұқсат беру құжаттары", "көлік және логистика", "ақпараттық технологиялар") (бұдан әрі – тақырыптық блоктар) қалыптастырған жөн.

15. Мүше мемлекеттің жауапты органы не талдауға қатысушылар "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізуге ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелерін, тәуелсіз сарапшыларды, соның ішінде бизнес-талдаушыларды, консалтингтік компаниялардың өкілдерін және басқа да сарапшыларды тартуға құқылы .

16. Мүше мемлекеттің жауапты органы талдауға қатысушыларға өздерінің құзыреті шегінде және тақырыптық блоктар бойынша бөлінуіне қарай "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін осы Әдістемені жібереді.

17. Талдауға қатысушылар өздерінің құзыреті шегінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдауды осы Әдістеменің 5-тармағы "а" тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарында, "б" тармақшасында және "в" тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында көзделген міндеттерді шешу бөлігінде жүргізеді және нәтижелерді мүше мемлекеттің жауапты органына жібереді.

18. Мүше мемлекеттің жауапты органы:

а) осы Әдістеменің 5-тармағы "а" тармақшасының екінші, үшінші, төртінші және жетінші абзацтарында және "в" тармақшасының екінші, үшінші және алтыншы абзацтарында көзделген міндеттерді шешу бөлігінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізеді;

б) талдауға қатысушылар ұсынған есептерді олардың толықтығы мен жеткілікті болуы, ақпаратты қайталаудың болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады және қажет болған жағдайда бұл есептерді қосымша пысықтау үшін талдауға қатысушыларға қайтарады;

в) осы Әдістеменің XII бөлімінде көзделген тәртіппен "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау нәтижелері бойынша қорытынды есепті қалыптастырады;

г) талдауға қатысушылар, соның ішінде мүше мемлекеттің бизнес-қоғамдастығының өкілдері толтырған құжаттармен (сауалнама парақтары, кестелер және т.б.) қоса "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау нәтижелері туралы қорытынды есепті Комиссияға жібереді.

19. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдауды Комиссияның Алқа Төрағасының бұйрығына сәйкес айқындалатын Комиссияның құрылымдық бөлімшелері осы бөлімшелердің қызмет бағыттары бойынша мүше мемлекеттер ұсынған "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау нәтижелері туралы қорытынды есептің негізінде жүргізеді.

20. Комиссияның құрылымдық бөлімшелері:

а) мүше мемлекеттер ұсынған "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау нәтижелері бойынша қорытынды есептерді жинауды және қорытуды жүзеге асырады;

б) осы Әдістеменің 5-тармағының "г" тармақшасында көзделген міндеттерді шешу бөлігінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалауды жүргізеді;

в) әр мүше мемлекет бойынша "бірыңғай терезе" тетігін одан әрі дамыту, бизнес-процестерді оңтайландыру, сондай-ақ "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін жақындастырудың басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсынымдарды қамтитын қорытынды әзірлейді.

## VIII. Зерттеудің әдістері мен тәсілдері

21. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне талдау жүргізу кезінде:

зерттеу әдістері (жүйелі талдау, құқықтық талдау, сарапшылық бағалау, модельдеу, "ақыл-ой шабуылы", аналогия және салыстыру, сауал (сұрақ-жауап әдісі) және т.б.);

зерттеу тәсілдері (әңгімелесу, сауалнама өткізу, сұхбат алу, сауалнама парақтарын, карточкалар толтыру, графиктер мен диаграммалар құру, консультациялар, әңгімелесулер және т.б. өткізу) қолданылуы мүмкін.

22. Талдау объектілерін зерттеуде көмек болатын көрсеткіштер осы Әдістеменің тиісті бөлімдері мен қосымшаларында көзделген.

## IX. Ұйымдық-құқықтық негізге талдау жүргізу тәртібі

23. Ұйымдық-құқықтық негізді талдау мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

а) Негізгі бағыттарды іске асыруды қамтамасыз ететін институционалдық негізді айқындау;

б) мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін енгізу мен дамыту үшін құқықтық базаның әзірлігін бағалау;

в) мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құрудың құқықтық негіздерін айқындау;

г) мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін енгізу мен дамытуды қиындататын құқықтық олқылықтарды анықтау;

д) мүдделі тұлғалардың мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ( немесе) уәкілетті ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауы кезінде экспорттық, импорттық және транзиттік операцияларды жасау, ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл барысында туындайтын, сондай-ақ электронды коммерцияға кедергі болатын тосқауылдарды анықтау;

е) анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

24. Жүргізілетін зерттеу шеңберінде актілер, соның ішінде мынадай мәселелерді реттейтін актілер талданады:

а) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу және дамыту;

б) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігі порталын құру;

в) экспорттық, импорттық және транзиттік операцияларды жасау тәртібі;

г) мүдделі тұлғалардың мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ( немесе) уәкілетті ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауы кезіндегі электронды құжат айналымы (электронды құжаттарды беру, пайдалану, электронды цифрлық қолтаңбаны (электронды қолтаңбаны) қолдану, ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушыларды сәйкестендіру және аутентификаттау);

д) ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл;

е) электронды коммерцияны дамыту және қолдану, электронды шот-фактураларды ( инвойстарды), келісімшарттарды және басқа да электронды құжаттарды пайдалану, жауапкершілік (мәміле жасаған тараптардың міндеттері мен жауапкершілігі, электронды құжаттарды сотта (төрелік және дауларды реттеу), тәуекелдерді сақтандыру кезінде және нотариаттық қызметте дәлелдеме ретінде тану;

ж) зияткерлік меншік (зияткерлік меншікке және дерекқорға құқықтар);

з) электронды құжаттарға ара-жігі ажыратылған қолжетімділікті ұйымдастыруды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, электронды құжаттарды сенімгерлік сақтау, пайдалану, қайта жөнелту, архивтеу;

и) бәсекелестік.

25. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың ұйымдық-құқықтық негізіне талдау жүргізу кезінде талдауға қатысушылар № 1 қосымшаға сәйкес сауалнама парақтарының нысандарын (бұдан әрі осы бөлімде – сауалнама парақтары) пайдаланады.

26. Ұйымдық-құқықтық негізді талдау мынадай кезеңдерді қамтиды:

а) сауалнама парақтарын толтыру үшін қажетті актілер тізбесін жасау;

б) таңдап алынған актілердің өзектілігін тексеру. Дәл әрі неғұрлым толық ақпарат алу үшін талдауға қатысушылар осы актілерге енгізілген өзгерістер туралы белгілердің болуын тексеруі және мәтінде сілтемелер жасалған актілерді зерделеуі қажет;

в) жиналған материалды сауалнама парақтарында қамтылған сұрақтар бойынша бөлу;

г) сауалнама парақтарын толтыру (актілерге сілтемелерді көрсете отырып);

д) ұйымдық-құқықтық негізді талдау нәтижелері бойынша есеп дайындау және оны мүше мемлекеттің жауапты органына жіберу.

27. Сауалнама парақтарын талдауға қатысушылар еркін нысанда толтырады ( сауалнама парақтарын толтыру үлгілері осы Әдістемеге № 1 қосымшада келтірілген).

Егер ұйымдық-құқықтық негізге талдау жүргізу кезінде құқықтық олқылықтар және (немесе) тосқауылдар анықталған жағдайда, мұндай ақпарат сауалнама парағының тиісті жолағында көрсетіледі.

Анықталған құқықтық олқылықтарды және (немесе) тосқауылдарды жою бөлігінде актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар сауалнама парағының соңында (тиісті жолақта) келтіріледі.

28. Ұйымдық-құқықтық негізді талдау туралы есеп № 2 қосымшаға және осы Әдістеменің XII бөлімінде көрсетілген ұсынымдарға сәйкес қалыптастырылады.

## X. Технологиялық негізге талдау жүргізу тәртібі

29. Технологиялық негізді талдау мына мақсаттарда жүргізіледі:

а) қазіргі бизнес-процестерді сипаттау;

б) бизнес-процестердің автоматтандырылу дәрежесі мен деңгейін айқындау;

в) әкімшілік тосқауылдарды анықтау және қағаз жеткізгіштегі құжаттардан электронды құжаттарға көшу кезіндегі "осал тұстарды" айқындау;

г) уақыт және қаржы шығындарын қысқарту үшін үздік практикаларды ескере отырып, бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру жөнінде ұсыныстар дайындау.

30. Технологиялық негізге талдау жүргізу үшін тауарлардың орнын ауыстырудың әр бағыты бойынша № 3 қосымшаға сәйкес бизнес-процестердің үлгілік тізбесі қалыптастырылған. Бизнес-процестердің үлгілік тізбесіндегі операциялардың бәрі тақырыптық блоктарға бөлінген: "электронды кеден", "ақы төлеу, төлемдер және электронды коммерция", "рұқсат беру құжаттары", "көлік және логистика".

31. Оларға қатысты технологиялық негізді талдау жүргізілетін басым операциялардың тізбелерін талдауға қатысушылар мынадай шарттарды сақтай отырып, көрсетілген бизнес-процестердің үлгілік тізбесінің негізінде қалыптастырады:

а) басым операциялардың тізбелері тауарлардың орнын ауыстырудың әр бағыты бойынша жеке қалыптастырылады;

б) басым операциялардың әр тізбесіне бизнес-процестердің үлгілік тізбесінің әрбір тақырыптық блогынан өзара байланысты кемінде 2 операция қосылады;

в) басым операцияларды таңдау:

мүше мемлекеттің экономикасы үшін стратегиялық маңызы;

операциялардың сыртқы экономикалық қызметте қолданылу жиілігі (мысалы, сыртқы сауда шартын (келісімшартын) тіркеу, тауарларды әкелуге немесе әкетуге лицензия алу, жүкті сертификаттау, сақтандыру, тасымалдау, тауарларды жеткізу, уақытша сақтау, кедендік декларациялау және т.б.);

әкімшілік тосқауылдарды анықтау және қағаз жеткізгіштегі құжаттардан электронды құжаттарға көшу кезіндегі "осал тұстарды" айқындау қажеттілігі негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Технологиялық негізді талдау басым операциялардың тізбесіне сәйкес тауарлардың орнын ауыстырудың әрбір бағыты бойынша жеке жүргізіледі.

32. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау және салыстырмалы деректерді алу үшін басым операциялар бойынша ғана технологиялық негізді талдау нәтижелері пайдаланылады.

Басым операциялардың тізбесіне қосылмаған операцияларды талдауға қатысушылар осы Әдістемеге сәйкес сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесін жетілдіру бойынша мүше мемлекеттерде жүргізілетін іс-шаралар шеңберінде дербес зерделей алады.

33. Технологиялық негізге талдау жүргізу кезінде талдауға қатысушылар бизнес-процестерді осы бөлімде көзделген тәртіппен сипаттайды (қазіргі уақытта олар қалай іске асырылады) және талдау нәтижелері бойынша есеп қалыптастырады.

Қолданыстағы бизнес-процесті сипаттау дәл, анық, ықшам болуға, сипатталатын бизнес-процестің шеңберінде жасалатын іс-қимылдың бәрін, олардың дәйектілігі мен бір бірімен өзара байланысын мәтін, кесте және графика түрінде көрнекі әрі түсінікті етіп көрсетуге мүмкіндік беруге, сондай-ақ осы бизнес-процесті іске асыру ортасы мен шарттары туралы ақпаратты, соның ішінде әрбір іс-қимылдың субъектілері, бастапқы ресурстары мен нәтижелері, бизнес-процестің басталу және аяқталу өлшемшарттары,

оның автоматтандырылу дәрежесі мен деңгейі туралы ақпаратты, сандық және басқа да көрсеткіштерді қамтуға тиіс.

Көрсетілген сипаттауға қосымша анықталған әкімшілік тосқауылдар мен "осал тұстардың" тізімдері, сондай-ақ бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру жөніндегі ұсыныстар қоса беріледі.

34. Қолданыстағы бизнес-процестерді сипаттау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

а) жүргізілетін талдаудың өлшемшарттары мен шеңберлерін айқындау;

б) бизнес-процестер туралық анықтамалық ақпарат жинау;

в) карточкаларды толтыру және бизнес-процестерді графикалық модельдеу;

г) қолданыстағы бизнес-процестерді бағалау, әкімшілік тосқауылдарды анықтау, " осал тұстарды" айқындау және бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру жөнінде ұсыныстар дайындау.

35. Технологиялық негізге талдау жүргізудің негізгі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

а) тауарды таңдау (тауарлардың орнын ауыстырудың әрбір бағыты бойынша жеке-жеке бір тауардан);

б) межелі елді айқындау (тауар Одақтың кедендік аумағынан әкетілген кезде);

в) жөнелту елін айқындау (тауар Одақтың кедендік аумағына әкелінген кезде);

г) жөнелту елі мен межелі елді айқындау (тауар Одақтың кедендік аумағы арқылы транзиттелген кезде);

д) тауарды алып өту жүзеге асырылатын көлік түрін таңдау;

е) тауарды жеткізу шарттарын айқындау;

ж) тауарға ақы төлеу шарттарын айқындау;

з) басым операциялар тізбесін айқындау.

36. Технологиялық негізге талдау жүргізу үшін қажетті қосымша өлшемшарттарды талдауға қатысушылар дербес айқындайды. Алып өтудің әрбір бағыты үшін тауарды таңдауды талдауға қатысушылар мынадай өлшемшарттардың негізінде жүзеге асырады :

а) мүше мемлекеттің экономикасы үшін тауардың стратегиялық маңызы;

б) бәсекенің қарқындылығы;

в) талданып отырған бизнес-процестердің шеңберінде әртүрлі рөлдер мен функцияларды орындайтын тұлғалардың анықтамалық ақпарат жинауға қатысуға әзірлігі.

37. Қолданыстағы бизнес-процестерді сипаттау үшін анықтамалық ақпарат жинау № 4 қосымшаға сәйкес мәселелер бойынша талданып отырған бизнес-процестердің шеңберінде әртүрлі рөлдер мен функцияларды орындайтын тұлғалардың ауқымды тобымен сауалнамалар жүргізу, әңгімелесулер, жұмыс кездесулерін, кеңестер, консультациялар ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте тұлғалардың қалың тобы деп шағын, орта және ірі бизнес өкілдері, соның ішінде көліктік, логистикалық, қаржылық (банктік, сақтандыру) қызметтерін, кеден ісі саласындағы қызметтерді көрсететін тұлғалар, сондай-ақ мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының және (немесе) уәкілетті ұйымдарының бір бизнес-процеске әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретін лауазымды адамдары түсініледі.

38. Қолданыстағы бизнес-процестерді сипаттау кезінде талдауға қатысушылар алынған ақпаратты пайдалана отырып:

прецеденттер диаграммасын құрастырды;

іс-қимыл схемаларын әзірлейді;

бизнес-процестердің карточкаларын толтырады;

уақыт және қаржы шығындарының кестелерін жасайды.

Көрсетілген іс-қимылдар № 5 қосымшадағы алгоритмге сәйкес жүзеге асырылады.

Прецеденттер диаграммасы мен іс-қимыл схемаларын құрастыру кезінде қолданыстағы бизнес-процестерді визуалдандыру үшін UML (Unified Modeling Language) біріздендірілген модельдеу тілін пайдалану, сондай-ақ жалпы процестер бойынша жалпы процестің технологиялық құжаттарын ресімдеу үшін пайдаланылатын Әдістемеге № 5 қосымшада келтірілген графикалық нотацияға қойылатын талаптарды және Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда рәсімдерін оңайлату үшін бизнес-процестерді талдау жөніндегі нұсқаулығында көрсетілген мысалдарды басшылыққа алу ұсынылады .

39. Прецеденттер диаграммасы егжей-тегжейлі талдануға тиіс бизнес-процестерді графикалық байыбын қамтамасыз етеді. Мұндай диаграммада талданатын бизнес-процестердің бәрі, осы бизнес-процестер шеңберінде әртүрлі рөлдер мен функцияларды орындайтын тұлғалар және бизнес-процестер мен қатысушы тұлғалар арасындағы іс жүзіндегі байланыс көрсетіледі.

Прецеденттер диаграммасы жүргізілетін талдаудың шеңберін көрсетеді. Мұндай диаграмманы талдауға қатысушылар тек басым операцияларға қатысты құрастырады.

40. Іс-қимыл схемасы прецеденттер диаграммасында көрсетілген әрбір бизнес-процесті мұқият көрсетеді. Іс-қимыл схемасы жасалатын операциялардың дәйектілігін визуалдандырады, мүдделі тұлғалар, мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдары және (немесе) уәкілетті ұйымдары арасындағы ақпарат және (немесе) құжат ағынын мұқият көрсетеді.

Визуалдандыру талдауға қатысушыларға идеяларды және операциялардың қисынды дәйектілігін тұжырымдауға септігін тигізеді.

Іс-қимыл схемасын талдауға қатысушылар прецеденттер диаграммасына қосылған әрбір басым операцияға жеке-жеке жасайды. Іс-қимыл схемасын құрастыру процесінде

әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін, оларды тіркеп, кейіннен тұлғалардың ауқымды тобымен әңгімелесулер, жұмыс кездесулерін, кеңестер, консультациялар өткізу кезінде пайдалану ұсынылады.

Іс-қимыл схемасы басым операцияны жүзеге асырудың басталғанын, осы операция шеңберінде ұсынылатын құжаттарды, оған қатысушылардың дәйекті іс-қимылының қатарын, сондай-ақ басым операцияның аяқталуын көрсетеді.

41. Бизнес-процестің карточкасы бизнес-процесті сипаттайтын және бизнес-процестің практикалық аспектілері мен іс-қимыл схемасында көрсетілген әрбір іс-қимылды көрсететін негізгі құжат болып табылады.

Бизнес-процестің карточкасы мынадай құрылымдық элементтерді қамтиды:

реттеу саласы (тақырыптық блоктың және талданып отырған операция тиесілі сыртқы экономикалық қызмет саласының атауы көрсетіледі);

өзара іс-қимыл түрі (ақпараттық өзара іс-қимыл түрлерінің бірі көрсетіледі (B2B, B2G/G2B немесе G2G));

бизнес-процестің атауы (талданып отырған операцияның атауы атау септігінде көрсетіледі);

актілер, соның ішінде қағидалар мен нұсқаулықтар (талданып отырған операция регламенттелген актінің (актілердің) деректемелері (атауы, қабылданған күні мен тіркеу нөмірі, соның ішінде әділет органдарында тіркеу нөмірі, осы актіні қабылдаған орган) көрсетіледі);

қатысушылар (мүдделі тұлғалар, мүше мемлекеттердің талданып отырған операция шеңберіндегі белгілі бір іс-қимылдарды орындауға жауапты мемлекеттік органдары және (немесе) уәкілетті ұйымдары көрсетіледі);

бизнес-процестің бастапқы ресурстары мен басталу өлшемшарттары ( бизнес-процесс тікелей басталардың алдындағы іс-қимыл туралы ақпарат көрсетіледі);

іс-қимылдар және олармен байланысты құжаттар (бизнес-процеске қатысушылар орындайтын іс-қимылдардың дәйектілігі сипатталады және осы іс-қимылдарды жасау барысында пайдаланылатын құжаттар мен оларда қамтылған мәліметтер санамаланады );

бизнес-процестің нәтижесі және аяқталу өлшемшарты (бизнес-процестің аяқталуы туралы ақпарат (түпкілікті нәтиже) көрсетіледі);

бизнес-процесс аяқталғаннан кейін берілген құжаттың атауы (бизнес-процесс аяқталған соң ресімделетін құжаттың атауы көрсетіледі);

берілген құжаттағы мәліметтер жинағы (бизнес-процесс аяқталған соң ресімделген құжатта қамтылған мәліметтердің тізбесі келтіріледі);

бизнес-процесті аяқтау үшін қажетті уақыт (бизнес-процесті аяқтау үшін қажетті шекті уақыт көрсетіледі);

мәліметтерді беру тәсілдері (мәліметтерді берудің бір немесе бірнеше тәсілі көрсетіледі: қағаз жеткізгіште, электронды түрде (электронды құжат, құжаттың электронды түрі немесе сканерленген құжат));

бизнес-процестің автоматтандырылуы (бизнес-процестің автоматтандырылу дәрежесі мен деңгейі туралы ақпарат көрсетіледі);

қаржы шығындары (бизнес-процесті жүзеге асыру үшін қажетті қаржы шығындары туралы ақпарат көрсетіледі);

қаржыландыру көздері (қызметті алуға (көрсетуге) жұмсалатын шығыстар ненің есебінен жүзеге асырылатыны көрсетіледі);

пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық құралдар (қызметті алу ( көрсету) кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық құралдар туралы ақпарат көрсетіледі);

бизнес-процесті сипаттайтын көрсеткіштер мен индикаторлар (бизнес-процеске қатысты белгіленген көрсеткіштер мен индикаторлар көрсетіледі);

бизнес-процесті бағалау көрсеткіштері мен индикаторлары айқындалған актілер ( бизнес-процесті бағалау көрсеткіштері мен индикаторлары айқындалған актінің ( актілердің) деректемелері (атауы, қабылданған күні мен тіркеу нөмірі, соның ішінде әділет органдарында тіркеу нөмірі, осы актіні қабылдаған орган) көрсетіледі).

Бизнес-процестің карточкасын талдауға қатысушылар қалыптастырылған іс-қимыл схемасын негізге ала отырып, әрбір басым операцияға толтырады.

42. Уақыт шығындарының графигі тік Гант диаграммасы түрінде болады және прецеденттер диаграммасында, іс-қимыл схемаларында және бизнес-процестердің карточкаларында қамтылған деректердің негізінде құрастырылады. Көрсетілген график басым операцияларды жүзеге асыру басталған кезден бастап олар аяқталғанға дейінгі уақыт шығындарының жалпы санын көрсетеді.

43. Қаржы шығындарының графигі тік Гант диаграммасы түрінде болады және оны талдауға қатысушылар прецеденттер диаграммасында, іс-қимыл схемаларында және бизнес-процестердің карточкаларында қамтылған деректердің негізінде құрастырады. Көрсетілген график басым операцияларды жүзеге асыру басталған кезден бастап олар аяқталғанға дейінгі ақша шығындарының жалпы сомасын көрсетеді.

44. Әрбір бизнес-процесс бойынша оның автоматтандырылу дәрежесі мен деңгейі тұрғысынан бағалау жүргізіледі, әкімшілік тосқауылдар мен қағаз жеткізгіштегі құжаттардан электронды құжаттарға көшу кезіндегі "осал тұстар" анықталады, сондай-ақ жүргізілген талдау нәтижелері бойынша басым бизнес-процестерді оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын есеп қалыптастырылады.

45. Технологиялық негізді талдау туралы есеп № 6 қосымшаға және осы Әдістеменің XII бөлімінде көрсетілген ұсынымдарға сәйкес қалыптастырылады.

## XI. Ақпараттық-техникалық негізге талдау жүргізу тәртібі

46. Ақпараттық-техникалық негізді талдау мына мақсаттарда жүргізіледі:

а) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін іске асыру дәрежесін айқындау (экспресс-талдау);

б) мүше мемлекеттердің "бірыңғай терезе" жергілікті тетіктерін дамыту жөніндегі ұлттық бағдарламаларын зерделеу және жинақталған оң тәжірибені кейіннен басқа мүше мемлекеттерге тарату;

в) мүше мемлекеттерде ұлттық тетік порталын құрудың техникалық мүмкіндігін айқындау;

г) ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін оңайлату үшін сервистердің (электрондық үкімет жүйесі) даму дәрежесін, сондай-ақ ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл сервистерінің даму дәрежесін айқындау;

д) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің ақпараттық-техникалық негізін дамыту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

47. **Ақпараттық-техникалық негізге талдау жүргізу кезінде** талдауға қатысушылар № 7 қосымшаға сәйкес сауалнама парақтарының нысандарын (бұдан әрі осы бөлімде – сауалнама парақтары) пайдаланады.

48. **Ақпараттық-техникалық негізді талдау** мынадай кезеңдерді қамтиды:

а) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін дамыту бойынша іске асырылған, іске асырылу сатысындағы, жоспарланған жобалар туралы, сондай-ақ " бірыңғай терезе" жергілікті тетіктері туралы ақпарат жинау (экспресс-талдау);

б) жиналған материалды сауалнама парақтарында қамтылған сұрақтар бойынша бөлу;

в) сауалнама парақтарын толтыру (актілерге сілтемелерді көрсете отырып);

г) ақпараттық-техникалық негізді талдау нәтижелері бойынша есеп дайындау және оны мүше мемлекеттің жауапты органына жіберу.

49. Сауалнама парақтарын талдауға қатысушылар еркін нысанда толтырады ( сауалнама парақтарын толтыру үлгілері осы Әдістемеге № 7 қосымшада келтірілген).

"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің ақпараттық-техникалық негізін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар сауалнама нысанының соңында келтіріледі (тиісті жолақта).

50. Ақпараттық-техникалық негізді талдау туралы есеп № 8 қосымшаға және осы Әдістеменің XII бөлімінде көрсетілген ұсынымдарға сәйкес қалыптастырылады.

## XII. Қорытынды есепті ресімдеу жөніндегі ұсынымдар

51. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің жауапты органы қорытынды есепті қалыптастырады.

52. Қорытынды есеп "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ағымдағы жай-күйі бойынша мүше мемлекеттің позициясын көрсетеді.

53. Қорытынды есепте қамтылған ақпаратқа мынадай талаптар қойылады:

а) ақпаратты баяндаудың анықтығы. Баяндау нысаны қарапайым, жүргізілген талдаудың мақсаты мен міндеттерін түсінуге мүмкіндік беретіндей болуға тиіс, қорытындылар мен тұжырымдар қисынды дәйектілікпен тұжырымдалуға тиіс. Егер есеп мәтінінде арнайы техникалық терминдер, қысқартулар пайдаланылатын болса оларға түсініктеме берілуге тиіс. Есепте неғұрлым маңызды мәселелер мен түйінді сөйлемдерді бөліп көрсету, айдарларды, тақырыптарды және қажет болған жағдайда көрнекі құралдарды (кестелер, графиктер, диаграммалар) пайдалану керек;

б) ақпараттың дәлдігі. Есепте қамтылған ақпарат шынайы болуға тиіс, қорытындылар мен тұжырымдар жиналған іс жүзіндегі деректермен расталуға тиіс. Есептегі кез келген дәлсіздік бүкіл есептің негізділігіне күмән тудыруы мүмкін;

в) ақпараттың толықтығы. Есепте жүргізілген талдаудың нәтижелерін негіздеу үшін қажетті іс жүзіндегі деректердің жеткілікті көлемі қамтылуға, сондай-ақ ол есеп құрылымына қойылатын талаптарға сай болуға тиіс;

г) ақпараттың объективтілігі. Есепте анықталған кемшіліктер мен артықшылықтар асыра көрсетілмеуі және шамадан тыс атап өтілмеуі тиіс, тұжырымдар қажетті шешімдер мен іс-қимылдарды қабылдауға итермелеуге тиіс. Есепте кемшіліктерді сынауға емес, оларды жою жөніндегі ұсынымдарға назар аударылуға тиіс;

д) ақпараттың сенімділігі. Талдау нәтижелері жүргізілетін талдаудың түпкілікті мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болуға тиіс. Тұжырымдар дәлелденуге, ал қорытындылар мен ұсынымдар іс жүзінде ұсынылған деректерден қисынды түрде туындауға тиіс;

е) ақпараттың ықшамдығы. Жүргізілетін талдаудың ауқымы мен сипатын ескере отырып, есепте қамтылған ақпараттың көлемі ойға қонымды шектерден аспауға тиіс. Есепті жазу кезінде қажетсіз қайталаудан аулақ болған, сондай-ақ шамадан тыс егжей-тегжейлі есептің неғұрлым маңызды ережелеріне көңіл бөлмеуге әкелетінін ескерген жөн.

54. Есепке сындарлы ескертулерді, сондай-ақ жүргізілген талдаудың мақсатына қол жеткізілген-жеткізілмегені туралы қорытындыны қосуға болады.

Бұл ретте есепке анықталған кемшіліктерді ғана емес, назар аударуға тұрарлық жетістіктерді, артықшылықтарды, соның ішінде оң нәтижелерді, сондай-ақ жүргізілетін талдаудың мақсатына тікелей байланысы жоқ, бірақ "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту шеңберінде қосымша жұмыс жүргізуді талап ететін анықталған проблемаларды да қосқан жөн.

55. Қорытынды есеп мынадай бөлімдерді қамтиды:

а) аннотация;

б) кіріспе;

в) ұйымдық-құқықтық негізді талдау туралы есеп;

г) технологиялық негізді талдау туралы есеп;

д) ақпараттық-техникалық негізді талдау туралы есеп;

е) ұсынымдар;

ж) қорытынды.

56. Аннотацияда қорытынды есептің барлық бөлімдерінің қысқаша мазмұны келтіріледі.

Аннотация нысаны жағынан қарапайым (жалпы сөздерді қамтымауға), мазмұнды ( зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижесін көрсетуге), құрылымдалған (қорытынды есепті құрастыру қисынына сай) болуға тиіс. Аннотацияны негізгі мәтіннен бөлек өзін ғана жариялауға болады және ол қорытынды есепсіз түсінікті болуға тиіс.

57. Кіріспеде жүргізілген талдаудың құқықтық негіздері, өзектілігі, талдаудың мақсаты, міндеттері мен объектілері, мүше мемлекеттің қорытынды есепті жасаған жауапты органы, мұндай есепті бекіткен уәкілетті органы, талдауға қатысушылар, талдау жүргізілген мерзім туралы ақпарат, сондай-ақ өзге де ақпарат мен түсініктемелер көрсетіледі.

58. Қорытынды есептің "Ұйымдық-құқықтық негізді талдау туралы есеп" деген бөлімінде жүргізілген талдаудың нәтижелері осы Әдістемеге № 2 қосымшада келтірілген ұсынымдарға сәйкес ресімделіп көрсетіледі.

59. Қорытынды есептің "Технологиялық негізді талдау туралы есеп" деген бөлімінде жүргізілген талдаудың нәтижелері осы Әдістемеге № 5 қосымшада келтірілген ұсынымдарға сәйкес ресімделіп көрсетіледі.

60. Қорытынды есептің "Ақпараттық-техникалық негізді талдау туралы есеп" деген бөлімінде жүргізілген талдаудың нәтижелері осы Әдістемеге № 8 қосымшада келтірілген ұсынымдарға сәйкес ресімделіп көрсетіледі.

61. Қорытынды есептің "Ұсынымдар" деген бөлімінде мүше мемлекетте "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуға кедергі келтіретін негізгі проблемалар атап көрсетіліп, оларды жою жөнінде ұсынымдар келтіріледі.

62. Қорытындыда талдаудың қорытынды нәтижелері көрсетіледі, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу туралы тұжырымдар жасалады.

63. Қорытынды есептің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттің жауапты органына:

а) ұйымдық-құқықтық негізді талдау, технологиялық негізді талдау және ақпараттық-техникалық негізді талдау туралы есептердің негізінде алдын ала тұжырымдар мен ұсынымдарды қалыптастыру және қорытынды есептің жобасын дайындау мақсатында оларды талдауға қатысушылармен келісуді қамтамасыз етуге;

б) қорытынды есептің жобасын мүше мемлекеттің іс-шаралар жоспарын іске асыруға уәкілетті ұлттық үйлестіруші (кеңесу) органына мақұлдау үшін жіберуге;

в) егжей-тегжейлі жоспардың 6.3-тармағына сәйкес мақұлданған қорытынды есепті мүше мемлекеттің Негізгі бағыттарды іске асыруға жауапты уәкілетті органында бекітуге ұсыным жасалады.

## XIII. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін талдау нәтижелерін пайдалану

64. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйіне жүргізілген талдаудың қорытынды есепте көрсетілген нәтижелерін**:

а) мыналарды:

кейіннен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің карауы үшін әрбір мүше мемлекет бойынша **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін одан әрі дамыту, бизнес-процестерді оңтайландыру, "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін жақындастырудың басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсынымдарды қамтитын қорытындыларды**;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің эталондық моделінің функциялары мен сәулетін егжей-тегжейлі сипаттауды**;

жыл сайынғы **егжей-тегжейлі** жоспарларды дайындаған кезде Комиссия;

б) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытуға және сыртқы экономикалық қызметті жетілдіруге бағытталған шараларды айқындаған кезде мүше мемлекеттер**;

в) тақырыптық блоктарға сәйкес іс-шаралар жоспарын орындаған кезде, соның ішінде бизнес-процестерді оңтайландыру, сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде электронды құжат айналымына көшу, мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін егжей-тегжейлі жоспардың 6.2-тармағына сәйкес құрылған Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде " бірыңғай терезе" тетігін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі жұмыс тобы пайдаланатын болады.

65. Мүше мемлекеттердің қорытынды есептері іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 7.2-тармағына сәйкес Одақтың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайтында жарияланады.

## XIV. Қорытынды ережелер

66. Осы Әдістемені мүше мемлекеттер мен Комиссия іс-шаралар жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарды іске асыру шеңберінде кейіннен талдау жүргізу үшін негіз ретінде пайдалана алады.

**"Бірыңғай терезе"**
**ұлттық тетіктерін дамытудың**
**жай-күйін бағалау әдістемесіне**
**№ 1 ҚОСЫМША**

(нысан)

## "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ұйымдық-құқықтық тетігіне талдау жүргізуге арналған САУАЛНАМА ПАРАҒЫ

## I. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамыту процесін реттейтін актілерді талдау

1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамыту процесін реттейтін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Мысалы:

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасында "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 – 2013 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы" 2011 жылғы 3 шілдедегі № 771 қаулысы**;

2. Сауда рәсімдерін оңайлату, сыртқы экономикалық қызмет саласында артық және қайталанатын формальдылықтарды, процестер мен рәсімдерді қысқарту процесін реттейтін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Мысалы:

"Негізгі әкімшілік рәсімдер туралы" 2008 жылғы 28 қазандағы Беларусь Республикасының 433-З Заңы;

Беларусь Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппаратты төрешілдіктен арылту және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету сапасын арттыру туралы" 2006 жылғы 27 желтоқсандағы № 2 директивасы;

Беларусь Республикасы Министрлер Кабинетінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1852 қаулысымен бекітілген Беларусь Республикасының транзиттік әлеуетін дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Беларусь Республикасы Министрлер Кабинетінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 384 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында қызметтер көрсетуді жеделдетіп дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы;

Беларусь Республикасы Министрлер Кабинетінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 1249 қаулысымен бекітілген Беларусь Республикасының логистика жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған бағдарламасы;

Беларусь Республикасы Министрлер Кабинетінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 656 қаулысымен бекітілген Беларусь Республикасының экспортын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы.

3. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті ( жетекші) органы ретінде айқындалған мүше мемлекеттің органын көрсетіңіз?

Мысалы:

Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі.

4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін іске асыру мәселелері бойынша мүше мемлекеттің үйлестіруші (кеңесу) органы ретінде айқындалған, Үкімет Төрағасының орынбасары басшылық ететін мүше мемлекеттің органын көрсетіңіз.

Мысалы:

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін комиссия құру туралы" 2011 жылғы 30 наурыздағы № 288 қаулысына сәйкес құрылған "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін комиссия**.

5. Үкімет Төрағасының "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін іске асыруға байланысты жұмыс үйлестіретін орынбасарын көрсетіңіз.

Мысалы:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы, **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 288 қаулысына сәйкес құрылған "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін комиссияның төрағасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысының редакциясында).**

6. Егер "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті (жетекші) органы ретінде арнайы құрылған орган (ұйым) айқындалса, тиісті органды (ұйымды) және оның өкілеттіктерін реттейтін актіні көрсетіңіз.

Мысалы:

Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Сыртқы сауда саласындағы "Бірыңғай терезе" орталығы" мемлекеттік кәсіпорны. Өкілеттіктері "

Сыртқы сауда саласындағы "Бірыңғай терезе" орталығы" мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 539 қаулысында бекітілген.

7. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің пайдаланушылар болып табылатын және сол арқылы қызметтер көрсететін атқарушы билік органдарын көрсетіңіз.

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

Мысалы:

Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік агенттік;

Қырғыз Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік салық қызметі;

Қырғыз Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Мемлекеттік автомобиль және су көлігі агенттігі;

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Аурулардың профилактикасы және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті;

Қырғыз Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау және орман шаруашылығы агенттігі;

Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Стандарттау және метрология орталығының Бішкек сынау, сертификаттау және метрология орталығы;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік инспекциясы;

Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігінің жанындағы Құрылыстағы сертификаттау республикалық орталығы.

8. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде алынуы мүмкін электронды құжаттар және (немесе) мәліметтер өтініш берушіден сұратылмайды деген қағидат актілермен бекітілген бе? Егер бекітілген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

9. Сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде қағаз жеткізгіштегі құжаттар мен электронды құжаттардың баламалылығы қамтамасыз етілетін актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

10. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізудің мақсаты мен міндеттерін көрсетіңіз.

11. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту үшін бағдар ретінде таңдалған нысаналы көрсеткіштерді көрсетіңіз.

Мысалы:

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың орнын ауыстыру үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушыға қажетті қағаз жеткізгіштердегі құжаттардың үлесін қысқарту;

сыртқы экономикалық қызметке байланысты мемлекеттік рәсімдерден өту уақытын қысқарту (экспорттық, импорттық және транзиттік операциялар бойынша жеке-жеке);

кәсіпкерлердің әкімшілік шығындарының көлемін азайту (сыртқы экономикалық қызметке байланысты мемлекеттік рәсімдерді жүзеге асыруға жұмсалатын еңбек, уақыт және қаржы шығындары).

12. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз.

13. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

**II. "Электронды кеден" тақырыптық блогы бойынша актілерді талдау**

1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін қолдану кедендік реттеу саласындағы актілерде көзделген бе? Егер көзделген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

2. Қандай кедендік операцияларды жасау кезінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетігі қолданылады және ол қандай көлемде іске асырылған? Тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

3. Ақпарат берудің бір мәртелігі қағидаты кедендік реттеу саласындағы актілермен бекітілген бе? Егер бекітілген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

4. Электронды декларациялау жүзеге асырыла ма? Егер жүзеге асырылса, электронды декларациялау тәртібі белгіленген актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

5. Электронды декларациялау кезінде ілеспе құжаттарды ұсыну талап етіле ме? Егер талап етілсе, ілеспе құжаттарды ұсыну қандай түрде жүргізілетінін көрсетіңіз: қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде (электронды құжат, құжаттың электронды түрі, сканерленген құжат). Тиісті талаптар қандай актілерде белгіленгенін көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

6. Егер кедендік операцияларды жасау шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл электронды нысанда жүзеге асырылатын болса, оларды жүзеге асыруға негіз болатын актілерді, мүше мемлекеттің осындай өзара іс-қимылға қатысатын уәкілетті органдарын және ол пайдаланылатын кедендік операцияларды көрсетіңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

7. Электронды құжаттар түріндегі құжаттарды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі кедендік реттеу саласындағы актілермен бекітілген бе? Егер бекітілген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

8. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында әртүрлі мемлекеттік бақылау түрлерін жүзеге асыру кезінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

9. Тәуекелдерді басқарудың ведомствоаралық жүйесін белгілейтін актілер бар ма? Бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

10. Шығарғаннан кейін кедендік бақылауды декларанттың ақпараттық жүйелерінің аудиті арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі кедендік реттеу саласындағы актілерде көзделген бе? Егер көзделген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

11. Электронды түрде жүзеге асыруға болатын кедендік операциялардың түрлеріне қандай да бір құқықтық шектеулер бар ма? Егер бар болса, тиісті шектеулерді және оларды реттейтін актілерді көрсетіңіз және осы актілерден үзінді келтіріңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

12. Экспорттық, импорттық және транзиттік операцияларды жасау кезінде "Электронды кеден" тақырыптық блогы бойынша мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және (немесе) уәкілетті ұйымдарымен мүдделі тұлғалардың өзара іс-қимыл жасауы кезінде туындайтын және "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

13. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**III. "Ақы төлеу, төлемдер және электронды коммерция" тақырыптық блогы бойынша қызмет саласындағы актілерді талдау**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының ( ЮНИСТРАЛ) электронды сауда бөлігіндегі ұсынымдарының ережелері (Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық шарттарда электронды хабарламаларды пайдалану туралы конвенциясы (Нью-Йорк, 2005 жыл), Электронды қол қою туралы ЮНИСТРАЛ типтік заңы (2001 жыл), 1998 жылы қабылданған 5 bis қосымша бабымен Электронды сауда туралы ЮНИСТРАЛ типтік заңы (1996 жыл)) мүше мемлекеттің заңнамасында имплементацияланған ба? Егер имплементацияланған болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

2. Мүше мемлекеттің заңнамасында электронды коммерция шеңберінде мәмілелерді жүзеге асыруға, соның ішінде электронды құжаттар мен мәліметтерді пайдалана отырып, жүзеге асыруға рұқсат етілген бе? Егер рұқсат етілген болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

3. Электронды инвойстарды, келісімшарттарды пайдалана отырып, халықаралық есеп айырысуда жүзеге асыру реттелетін актілерді көрсетіңіз.

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

4. Мүше мемлекеттің заңнамасында электронды құжаттарды және (немесе) мәліметтерді соттарда қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең қабылдау, яғни соттардың электронды құжаттарды және (немесе) мәліметтерді дәлелдеме ретінде қабылдауы көзделген бе?

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

5. Мүше мемлекеттің заңнамасында электронды құжаттарды және (немесе) мәліметтерді сақтандыру және нотариаттық қызмет салаларында қағаз жеткізгіштегі құжаттармен тең қабылдау көзделген бе?

__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________
__________________________________________________________________________

6. Ақы төлеу және электронды коммерция саласындағы актілерде электронды құжаттарды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі бекітілген бе? Егер бекітілген болса, мұндай құжаттардың түрлерін және оларды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі реттелетін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

7. Мүдделі тұлғалардың міндетті төлемдерді (мемлекеттік қызметтер көрсету үшін алымдарды, салықтарды, кедендік төлемдерді қоса алғанда) электронды түрде төлеу мүмкіндігі бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

8. Халықаралық есеп айырысуларды реттеу және бақылау, қаржылық кепілдіктер беру, баждар мен төлемдерді алу, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде жеңілдіктер мен преференцияларды қолдану үшін жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында деректермен электронды алмасу реттелетін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

9. Монополияға қарсы заңнаманың нормалары "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуға әсерін тигізе ме? Монополияға қарсы заңнамада "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуды тежеуі мүмкін нормалар бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

10. Заңнамадағы электронды коммерцияны дамытуға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз, сондай-ақ анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында нормаларды талдау мен жетілдіруді талап ететін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

11. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

**IV. "Рұқсат беру құжаттары" тақырыптық блогы бойынша қызмет саласындағы актілерді талдау**

1. Сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу үшін жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың рұқсат беру құжаттары бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді электронды нысанда ұсынуға көшуі реттелетін актілерді көрсетіңіз.

Салықтық реттеу саласында:

Валюталық реттеу саласында:

Кедендік-тарифтік реттеу саласында:

Тарифтік емес реттеу саласында:

Техникалық реттеу саласында:

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласында:

Зияткерлік меншік саласында:

2. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл қамтамасыз етілетін актілерді көрсетіңіз. Берілген рұқсат беру құжаттары туралы заңдық маңызы бар электронды құжаттар мен мәліметтер алмасу қандай актілерде көзделген?

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

3. Қаралып отырған реттеу салаларындағы актілерде электронды құжаттарды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі бекітілген бе? Егер бекітілген болса, мұндай құжаттардың түрлерін және оларды ресімдеу, беру мен пайдалану тәртібі реттелетін актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Салықтық реттеу саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Валюталық реттеу саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Кедендік-тарифтік реттеу саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Тарифтік емес реттеу саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Техникалық реттеу саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласында:

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

Зияткерлік меншік саласында:

4. Рұқсат беру құжаттарын беруге сұрау жіберген кезде ақпарат берудің бір мәртелігі қағидаты актілермен бекітілген бе? Егер бекітілген болса, бұлар белгіленген актілерді көрсетіңіз.

5. Рұқсат беру құжаттарының электронды құжат айналымын дамытуға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды, сондай-ақ анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында нормаларды талдау мен жетілдіру талап етілетін актілерді көрсетіңіз.

6. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

**V. "Көлік және логистика" тақырыптық блогы бойынша қызмет саласындағы актілерді талдау**

1. Бақылаушы мемлекеттік органдар мен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар арасындағы электронды түрдегі ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібін белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

2. Көлік және логистика саласындағы актілерде электронды құжаттарды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі бекітілген бе? Егер бекітілген болса, мұндай құжаттардың түрлерін және оларды ресімдеу, беру және пайдалану тәртібі реттелетін актілерді көрсетіңіз.

3. Тауарға ілеспе құжаттарды электронды түрге көшіруге және электронды көліктік жүкқұжаттармен (немесе оларда қамтылған мәліметтермен) алмасуды ұйымдастыруға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды, сондай-ақ анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында нормаларды талдау мен жетілдіру талап етілетін актілерді көрсетіңіз.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

4. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

## VI. "Ақпараттық технологиялар" тақырыптық блогы бойынша қызмет саласындағы актілерді талдау

1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігіне қолжетімділік алу тәртібін белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз және олардан үзінді келтіріңіз.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, мемлекеттік органдар және ( немесе) уәкілетті ұйымдар арасында электронды түрде ақпарат алмасу тәртібін белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

3. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мен мемлекеттік бақылаушы органдар арасында электронды түрдегі өзара іс-қимыл барысында алмасуға жататын электронды құжаттардың және (немесе) мәліметтердің форматтары мен құрылымын белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

4. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың ақпарттық жүйелерін дамыту соған сәйкес жүзеге асырылатын актілерді көрсетіңіз.

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

5. Бизнес үшін қолжетімді электронды қызметтер көрсету мен сервистердің тізбесін белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

6. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың ақпараттық жүйелерін дамытуға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз.

___

___

___

7. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан электронды түрде алынған деректерді қорғау жөніндегі талаптар белгіленген актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

8. Дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптар белгіленген актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

9. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігіне қол жеткізу үшін пайдаланушыларды сәйкестендірудің, аутентификаттаудың және авторландырудың нақты рәсімдерін белгілейтін актілер бар ма. Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

10. Электронды цифрлық қолтаңбаны (электронды қолтаңбаны) шығаруға және пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

11. Трансшекаралық электронды мәмілелерді жүзеге асыру кезінде басқа мемлекеттерде жасалған электронды құжаттардағы электронды цифрлық қолтаңбаны ( электронды қолтаңбаны) пайдалану немесе қабылдау үшін шарттарды немесе талаптарды регламенттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

___

___

___

12. Басқа мемлекеттермен электронды құжаттарды өзара тану туралы актілер немесе халықаралық шарттар бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

13. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігі шеңберінде пайдаланылатын деректерді енгізу үшін, сондай-ақ оларды кейіннен өңдеу, қайта жіберу және пайдалану үшін жауаптылықты реттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

14. Электронды құжаттарға қол жеткізу тәртібін қоса алғанда, "бірыңғай терезе" ұлттық тетігі шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін реттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

15. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігі шеңберінде деректерді сақтау және архивтеу тәртібін реттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

16. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құру процесін реттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

17. Мемлекеттік органды және (немесе) уәкілетті ұйымды "бірыңғай терезе" ұлттық тетігі порталының операторы ретінде айқындайтын актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

18. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігі порталының операторы ретінде айқындалған мемлекеттік орган және (немесе) уәкілетті ұйым иеленетін өкілеттіктерді және осы өкілеттіктер бекітілген актілерді көрсетіңіз.

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

19. Басқа мүше мемлекеттердің мүдделі тұлғаларына "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің қызметтер көрсетуді ұсынуына кедергі болатын актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

20. Басқа мүше мемлекеттердің мүдделі тұлғаларына "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің қызметтер көрсетуді ұсыну тәртібін реттейтін актілер бар ма? Егер бар болса, тиісті актілерді көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

21. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құруға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

22. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құруға кедергі болатын, анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

23. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдануға кедергі болатын құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды көрсетіңіз.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

24. Құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**"Бірыңғай терезе"**
**ұлттық тетіктерін дамытудың**
**жай-күйін бағалау әдістемесіне**
**№ 2 ҚОСЫМША**

**"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ұйымдық-құқықтық негізін талдау туралы есепті ресімдеу жөніндегі ҰСЫНЫМДАР**

1. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ұйымдық-құқықтық негізін талдау туралы есеп** (бұдан әрі – есеп) мынаны қамтиды:

а) **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің** (бұдан әрі – Әдістеме) 57-тармағында көзделген талаптарға сәйкес жасалатын кіріспе;

б) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ұйымдық-құқықтық негізін талдау**, соның ішінде:

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту үшін институционалдық негізді сипаттау** ( уәкілетті орган, консультативтік және үйлестіруші (кеңесу) органдар, **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу процесіне басшылық ету**);

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) " **бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту**ды айқындайтын құқықтық негізін қысқаша сипаттау;

мүше мемлекеттің **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізуді реттейтін** нормативтік құқықтық актілерін сипаттау;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізуді реттейтін** нормативтік құқықтық актілердің болмауына немесе жетілдірілмеуіне байланысты және **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытуға кедергі болатын** құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды сипаттау;

мүше мемлекетте қолданылатын **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізуді реттейтін** нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын сипаттау;

мүше мемлекеттің **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізуді реттейтін** нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру жөніндегі шараларды сипаттау;

в) тақырыптық блоктардың қызмет салалары бойынша құқықтық негізді талдау:

"Электронды кеден":

кедендік реттеу саласындағы уәкілетті органдар мен ұйымдардың атаулары;

мүше мемлекеттің мемлекеттік органдарымен және (немесе) уәкілетті ұйымдарымен мүдделі тұлғалардың электронды нысандағы ақпараттық өзара іс-қимылының жай-күйін қысқаша сипаттау;

уәкілетті органдар мен ұйымдардың мүдделі тұлғалармен электронды өзара іс-қимылын дамыту бойынша мүше мемлекеттердің іске асырылып жатқан бағдарламаларын сипаттау;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту**ға кедергі болатын, анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдар;

анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар;

"Ақы төлеу, төлемдер және электронды коммерция":

халықаралық есеп айырысулардың жүргізілуін, сыртқы экономикалық қызметтің қаржылық реттелуін, электронды сауданың дамуын, банк және сақтандыру қызметтерінің көрсетілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың атаулары ;

мүше мемлекеттің электронды сауданы жүзеге асыру және дамыту тәртібін реттейтін құқықтық негізін қысқаша сипаттау;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту**ға кедергі болатын, анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдар;

анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар;

"Рұқсат беру құжаттары":

салықтық реттеу саласы:

салықтық реттеуді және тиісті рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың атаулары;

мүше мемлекеттің мемлекеттік органдарымен және (немесе) уәкілетті ұйымдарымен мүдделі тұлғалардың ақпараттық өзара іс-қимылын реттейтін мүше мемлекеттің құқықтық негізін қысқаша сипаттау;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамыту**ға кедергі болатын, анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдар;

анықталған құқықтық олқылықтар мен тосқауылдарды жою мақсатында мүше мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру жөніндегі шаралар;

валюталық реттеу саласы:

валюталық реттеуді және валюталық бақылауды, сондай-ақ тиісті рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың атаулары;

валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында мүше мемлекеттің мемлекеттік органдарымен және (немесе) уәкілетті ұйымдарымен мүдделі тұлғалардың ақпараттық өзара іс-қимылын реттейтін мүше мемлекеттің құқықтық негізін қысқаша сипаттау;

- диаграмманың жоғары бөлігінде бизнес-процестің атауы көрсетіледі. Диаграмманың төменгі бөлігінде тақырыптық блок шеңберіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер қалыптастырған басым операциялар көрсетіледі;



- басым операцияда әртүрлі функцияларды орындайтын тұлға;




- басым операцияның атауы;

- басым операциялар мен басым операцияда әртүрлі функцияларды орындайтын тұлғалардың арасындағы іс жүзіндегі байланыс.

## II. Іс-қимыл схемасын құру үлгісі




**Үлгіде пайдаланылатын белгілер мынаны білдіреді:**



- басым операцияның басталуы;



- басым операциянің тоқтатылуы;



- басым операцияның аяқталуы;

| процеске 1-қатысушы | процеске 2-қатысушы | процеске n-қатысушы |
|---|---|---|

- басым операцияның іс-қимылын басым операцияда әртүрлі функцияларды орындайтын тұлғалар бойынша бөлу үшін пайдаланылады;



- басым операцияда әртүрлі функцияларды орындайтын тұлға жасайтын іс-қимылдың қысқаша атауы (әдетте зат есімнен басталып, етістікпен аяқталады);



- бір басым операциядан екіншісіне өтетін құжаттың (ақпараттың) атауы;



- қатысушының шешім қабылдау сәті;



- тұлға орындайтын іс-қимылдардың дәйектілігі, сондай-ақ құжаттың (ақпараттың) қозғалу бағыты;



- басым операциялар бір уақытта орындалатын сәтті визуалдандыру үшін пайдаланылады;



- бір уақытта жасалатын басым операцияларды орындау тоқтатылатын сәтті визуализдандыру үшін пайдаланылады.

## III. Бизнес-процестің карточкасы және оны толтыру үлгісі

(нысан)

## Бизнес-процестің карточкасы

| | |
|---|---|
| 1. Реттеу саласы | |
| 2. Өзара іс-қимыл түрі | |
| 3. Бизнес-процестің атауы | |
| 4. Актілер, соның ішінде қағидалар, нұсқаулықтар | |
| 5. Бизнес-процеске қатысушылар | |
| 6. Бизнес-процесті бастаудың бастапқы ресурстары және өлшемшарттары | |
| | |

| | |
|---|---|
| 7. Іс-қимылдар және олармен байланысты құжаттар | |
| 8. Бизнес-процесті аяқтау нәтижесі мен өлшемшарттары | |
| 9. Бизнес-процесс аяқталғаннан кейін берілген құжаттың атауы | |
| 10. Берілген құжаттағы мәліметтердің тізбесі | |
| 11. Бизнес-процесті аяқтау үшін қажетті уақыт | |
| 12. Мәліметтерді беру тәсілі | |
| 13. Бизнес-процесті автоматтандыру | |
| 14. Қаржы шығындары | |
| 15. Қаржыландыру көздері | |
| 16. Пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық құралдар | |
| 17. Бизнес-процесті сипаттайтын көрсеткіштер мен индикаторлар | |
| 18. Бизнес-процесті бағалау көрсеткіштері мен индикаторлары айқындалған актілер | |

## Бизнес-процестің карточкасын толтыру үлгісі

| | |
|---|---|
| 1. Реттеу саласы | кедендік реттеу |
| 2. Өзара іс-қимыл түрі | B2G |
| 3. Бизнес-процестің атауы | Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН) бойынша тауар сыныптамасы жөнінде алдын ала шешімді алу |
| 4. Актілер, соның ішінде қағидалар, нұсқаулықтар | Кеден одағының Кеден кодексінің 53 – 57-баптары "Ресей Федерациясындағы кедендік реттеу туралы" 2010 жылғы 27 қарашадағы № 311-ФЗ Федералдық заң "Федералдық кеден қызметінің және ол айқындайтын кеден органдарының Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша тауарлардың сыныптамасы жөнінде алдын ала шешімдер қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну жөніндегі әкімшілік регламентін бекіту туралы" Федералдық кеден қызметінің 2012 жылғы 18 ақпандағы № 760 бұйрығы |
| 5. Бизнес-процеске қатысушылар | өтініш беруші (Федералдық кеден қызметінің 2012 жылғы 18 ақпандағы № 760 бұйрығының талаптарына сәйкес айқындалған тұлға) кеден органы |
| | өтініш беруші Федералдық кеден қызметінің "Мемлекеттік және муниципалдық қызметтер көрсетудің (функциялардың) бірыңғай порталы" сайтында "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі федералдық мемлекеттік ақпараттық жүйенің |

| | |
|---|---|
| 6. Бизнес-процесті бастаудың бастапқы ресурстары және өлшемшарттары | ақпараттық ресурсында, сондай-ақ кеден органының ақпараттық стенділерінде ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша кеден органының алдын ала шешім қабылдауы ( тауарға 10 белгі деңгейінде сыныптамалық код беру ) жөніндегі ақпаратты зерделейді |
| | 1. Өтініш беруші алдын ала сыныптамалық шешім алу туралы шешім қабылдайды<br>2. Өтініш беруші үлгі бойынша өтініш жазады, ол мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:<br>өтініш беруші туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы (жеке тұлға үшін көрсетілмейді), заңды тұлғаның (ұйымның) атауы, жеке тұлға үшін – паспортының немесе жеке басын куәландыратын өзге құжаттың сериясы мен нөмірі, кім бергені және қашан берілген тұрғылықты жері (тұратын жері) және пошталық мекенжайы байланыс телефоны өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) өзінің дербес деректерін өңдеуге өтініш берушінің келісімі (еркін нысанда) тауардың атауы<br>тауардың сипаты алдын ала шешімді қандай нысанда (қағаз немесе электронды) қабылдау қажеттігі туралы ақпарат өтініште көрсетілген құжаттардың қосымша жіберілгені туралы ақпарат қосымшаның парақтар санын (брошюраланған қосымшалардан басқа) көрсете отырып, өтініш беруші ұсынатын құжаттардың тізбесі<br>3. Өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттар мен мәліметтерді қоса тіркейді:<br>егер ЕАЭО СЭҚ ТН-да топқа және позицияға ескертпемен тауарға қатысты тауарда қанда да бір заттардың (элементтердің), материалдардың қамтылуы жөнінде талаптар белгіленген болса, тауардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар егер тауарды өңдеу түрі немесе тауарды өңдеу дәрежесі ЕАЭО СЭҚ ТН тобына және позициясына ескертпелерде айқындалған сыныптау белгісі болып табылса, тауарды қайта өңдеу процестері және өңдеу түрлері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар (технологиялық схемалар, технологиялық нұсқаулықтар, технологиялық процестің сипаты, тауарды қайта өңдеу процестері мен түрлері туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар) егер тауардың салмағы, мөлшері, қуаты, өнімділігі, өзге де техникалық сипаттамалары ЕАЭО СЭҚ ТН тобына және позициясына ескертпелерде айқындалған сыныптау белгісі болып табылса, тауардың техникалық сипаттамалары және оның әрекет ету қағидаты туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар (техникалық құжаттама, сызбалар, блок-схемалар, техникалық паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, технологиялық схемалар, |

| | |
|---|---|
| 7. Іс-қимылдар және олармен байланысты құжаттар | пайдаланушы нұсқаулығы, тауардың техникалық сипаттамалары және оның әрекет ету қағидаты туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар)<br>егер алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке және оған құжаттарға уәкілетті тұлға қол қойса, тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжат (сенімхат)<br>4. Өтініш беруші (өтініш беруші уәкілеттік берген тұлға) өтінішке қол қояды (өтініш электронды түрде берілген жағдайда, электрондық цифрлық қолтаңбамен растайды) және оны поштамен немесе электронды байланыс арнасы арқылы жібереді<br>5. Кеден органы өтінішті қабылдайды (тіркейді)<br>6. Кеден органдары нақты бизнес-процестің шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы атқарушы биліктің федералды органдарынан алдын ала сыныптамалық шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты алады. Мұндай құжаттар мен мәліметтерге мыналар жатуы мүмкін:<br>ЕАЭО СЭҚ ТН 8528 тауар позициясының аппаратурасы үшін атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның әкелінетін плазмалық модульдердің ( экрандардың) нысаналы мақсатын растау туралы хаты ЕАЭО СЭҚ ТН 8439 тауар позициясының жабдықтары үшін атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның әкелінетін орталық майлаушы жүйелердің нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның асхана аспаптарының дайындамаларын жаныштау және жылтырату үшін әкелінетін тауарлардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның медицина өнеркәсібі үшін әкелінетін тауарлардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның сүзгі қағазының өндірісі үшін әкелінетін тауарлардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның авиация қозғалтқыштарының өндірісі үшін әкелінетін тауарлардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты<br>атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның авиация өнеркәсібі үшін әкелінетін жабдықтардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның медициналық мақсаттар үшін әкелінетін тауардың нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның |

| | |
|---|---|
| | белгілі бір кен орындарында белгілі бір физика-химиялық сипаттамалары бар мұнай өндіру фактісін растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның кеме жабдығы үшін әкелінетін тауардың (бу қазандықтарының және бу қыздырғышы бар қазандықтардың) нысаналы мақсатын растау туралы хаты атқарушы биліктің уәкілетті федералды органы берген медициналық мақсаттағы бұйымның тіркеу куәлігі немесе тауарды медицинада қолданылатын бұйым ретінде тіркеу туралы мәліметтер атқарушы биліктің уәкілетті федералды органы берген медицинада қолдануға арналған дәрілік препараттың тіркеу куәлігі немесе тауарды медицинада қолдануға арналған дәрілік препарат ретінде тіркеу туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралын тіркеу туралы куәлік атқарушы биліктің уәкілетті федералды органының немесе басқа мемлекеттік органның жеңілдіктерді қолдану құқығына анықтамасы сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімінен мәліметтер көлік құралының түрін мақұлдау тізілімінен ақпарат мәдени құндылықтарды Ресей Федерациясының аумағынан әкету құқығына арналған куәліктер тізілімінен мәліметтер<br>7. Кеден органы алдын ала сыныптамалық шешім қабылдайды<br>8. Кеден органы өтініш берушіні алдын ала сыныптамалық шешім қабылдау туралы:<br>жазбаша түрде – хат бланкісінде (алдын ала сыныптамалық шешім осы хатқа қосымша болып табылады) электронды түрде – мемлекеттік және муниципалдық қызметтер көрсетудің ( функциялардың) бірыңғай порталы (жеке кабинет) арқылы хабардар етеді. Өтініш берушіге хабарламада бастапқы өтініш кеден органына жіберілген ілеспе хаттың күні мен нөмірі де хабарланады |
| 8. Бизнес-процесті аяқтау нәтижесі мен өлшемшарттары | тауарды жеткізу шарттарын одан әрі жоспарлау мақсатында ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауардың сыныптамасы жөнінде алдын ала шешім қабылдау ( төлемдермен алдын ала есеп айырысу, тауарды әкелу үшін қажетті рұқсат беру құжаттарын нақтылау) |
| 9. Бизнес-процесс аяқталғаннан кейін берілген құжаттың атауы | ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауардың сыныптамасы жөнінде алдын ала шешім |
| | алдын ала сыныптамалық шешім қабылдаған кеден органының атауы<br>өтініш беруші<br>шешімнің тіркеу нөмірі<br>шешім қабылданған күн (күні, айы және жылы)<br>тауардың атауы |

| | |
|---|---|
| 10. Берілген құжаттағы мәліметтердің тізбесі | ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды<br>сыныптау үшін қажетті тауар туралы мәліметтер<br>шешім қабылдаудың негіздемесі<br>қызметтік белгілер (оған қатысты алдын ала шешім қабылданған тауарды кедендік декларациялау кезінде кеден органы назарға алуға тиіс ақпарат көрсетіледі)<br>кеден органының лауазымды тұлғасының қолы ( электронды цифрлық қолтаңба) |
| 11. Бизнес-процесті аяқтау үшін қажетті уақыт | алдын ала сыныптамалық шешімді алудың шекті уақыты жазбаша өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік 90 күнді құрайды |
| 12. Мәліметтерді беру тәсілі | жазбаша түрде қағаз жеткізгіште<br>"Мемлекеттік және муниципалдық қызметтер көрсетудің (функциялардың) бірыңғай порталы" федералдық мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электронды түрде |
| 13. Бизнес-процесті автоматтандыру | жоқ |
| 14. Қаржы шығындары | 5 000 Ресей рублі |
| 15. Қаржыландыру көздері | өтініш беруші төлейді |
| 16. Пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық құралдар | "Мемлекеттік және муниципалдық қызметтер көрсетудің (функциялардың) бірыңғай порталы" федералдық мемлекеттік ақпараттық жүйесі<br>Федералдық кеден қызметінің "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайты |
| 17. Бизнес-процесті сипаттайтын көрсеткіштер мен индикаторлар | жоқ |
| 18. Бизнес-процесті бағалау көрсеткіштері мен индикаторлары айқындалған актілер | жоқ |

Ескертпе. Бизнес-процестің карточкасын толтыру үлгісі Кеден одағының Кеден кодексінің және Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінің ережелеріне негізделген.

## IV. Уақыт шығындарының графигін құру үлгісі




## V. Қаржы шығындарының графигін құру үлгісі




**"Бірыңғай терезе"<br>ұлттық тетіктерін дамытудың<br>жай-күйін бағалау әдістемесіне<br>№ 6 ҚОСЫМША**

## "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың технологиялық негізін талдау нәтижелері туралы есепті ресімдеу жөніндегі ҰСЫНЫМДАР

1. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың технологиялық негізін талдау нәтижелері туралы есеп мынаны қамтиды:

а) Кіріспе (бөлімге қойылатын талаптар "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің 57-тармағында көрсетілген);

б) мыналарды:

прецеденттер диаграммасын;

іс-қимыл схемасын;

бизнес-процестер карточкасын;

уақыт және қаржы шығындарының графиктерін қамтитын "бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың технологиялық негізін талдау нәтижелері;

в) қорытынды (бөлімге қойылатын талаптар "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің 62-тармағында көрсетілген);

г) тұжырымдар мен ұсынымдар.

2. Тұжырымдар мен ұсынымдарды талдауға қатысушылар талданып отырған бизнес-процестер шеңберінде әртүрлі функцияларды орындайтын тұлғалармен бірге әзірлейді. Нәтижелерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарында (ұйымдарында) белгіленген жұмыс нормаларымен және (немесе) алдыңғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстыруға болады.

Тұжырымдамада қандай да бір себептермен айтарлықтай уақыт және қаржы шығындары орын алатын бизнес-процестерге назар аударылуға тиіс, сондай-ақ мұндай шығындардың орын алу себептері қамтылуға тиіс. тұжырымдарда жақсартуды және оңтайландыруды талап ететін салалар тізбесі қамтылуға тиіс.

Ұсынымдар талданған бизнес-процестерді жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстарға бағытталуға тиіс.

**"Бірыңғай терезе"<br>ұлттық тетіктерін дамытудың<br>жай-күйін бағалау әдістемесіне<br>№ 7 ҚОСЫМША**

(нысан)

**"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізіне талдау жүргізуге арналған САУАЛНАМА ПАРАҒЫ**

**I. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін іске асыру дәрежесін талдау ( экспресс-талдау)**

1. Осы экспресс-талдау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ( бұдан әрі – мүше мемлекет) "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін іске асыру деңгейі туралы жалпы түсінік алуға мүмкіндік береді.

2. Әртүрлі мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің негізін құрайтын элементтердің тізбесі кестеде келтірілген. Көрсетілген кесте **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің мақсаттары үшін пайдаланылады және толық болып табылмайды.**

3. Әрбір элемент бойынша оның іске асырылу деңгейін бағалау (іске асырылды, іске асырылу процесінде, жоспарланған, көзделмейді) және кестенің тиісті бағанына белгі қою қажет. Бұл ретте "болашақта жоспарланған" деген бағанда элементті іске асыру мүше мемлекеттің "бірыңғай терезе" тетігін іске асыру тұжырымдамасында немесе жоспарларында бекітілген болса ғана белгі қойылады.

| Элемент | Іске асырылды | Іске асырылу процесінде | Болашақта жоспарланған | Көзделмейді |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мүдделі тұлғаларға арналған бірыңғай ақпараттық портал | | | | |
| 2. "Бір аялдама" қағидаты | | | | |
| 3. Электронды кедендік декларациялау | | | | |
| 4. Кедендік декларацияны толтыруға негіз болған құжаттарды электронды түрде беру | | | | |
| 5. Кедендік төлемдерді электронды төлемдер арқылы төлеу | | | | |
| 6. Мемлекеттік органдардың қызметтер көрсетуі үшін алымдарды төлеу | | | | |
| 7. Электронды рұқсат беру құжаттарын беру | | | | |
| 8. Бақылаушы органдардың және рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын органдардың ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылы | | | | |
| 9. Тәуекелдерді басқарудың ведомствоаралық жүйесі | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10. Теңіз порттарындағы, әуе порттарындағы, теміржол және автомобиль өткізу пункттеріндегі "бірыңғай терезе" оқшау тетігі | | | | |
| 11. Шекарадағы интеграцияланған бақылау | | | | |
| 12. Шекараны кешенді басқару | | | | |
| 13. "Бірыңғай терезе " ұлттық тетігі | | | | |
| 14. Басқа "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерімен өзара іс-қимыл | | | | |

5. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"бірыңғай терезенің" басқа ұлттық тетіктерімен өзара іс-қимыл" – "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің басқа мемлекеттің "бірыңғай терезе" ұлттық тетігімен ақпарат алмасуды жүзеге асыру мүмкіндігі;

"электронды рұқсат беру құжаттарын беру" – мемлекеттік органдардың және ( немесе) уәкілетті ұйымдардың сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін бар болуы қажет құжаттарды электронды түрде беруі;

"мүдделі тұлғаларға арналған бірыңғай ақпараттық портал" – мүдделі тұлғаларға арналған ақпараттық-анықтамалық ресурс, ол сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру тетіктері мен қағидаттары туралы толық өзекті ақпаратты, сыртқы экономикалық қызмет саласында қызметтер көрсететін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық ресурстарына сілтемелерді және өзге де қажетті ақпаратты қамтиды;

"шекарадағы интеграцияланған бақылау" – шекара және кеден қызметінің шекарадағы бақылауды жүзеге асыруы, бұл ретте басқа қызметтердің іс жүзіндегі бақылау жөніндегі функциялары кеден органдарына берілген;

"шекараны кешенді басқару" – тауарлар мен көлік құралдарын шекара арқылы өткізу бөлігінде заңнаманы сақтаудың ортақ мақсатына қол жеткізу үшін мүше мемлекеттердің шекараларын 2 немесе одан көп елдің үйлесімді жұмыс істейтін мемлекеттік ведомстволарының қатысуымен басқару тәсілі;

"теңіз порттарындағы, әуе порттарындағы, теміржол және автомобиль өткізу пункттеріндегі "бірыңғай терезе" оқшау тетігі" – әртүрлі өткізу пункттерінде мемлекеттік рәсімдерді жасау және бизнес-процестерді іске асыру үшін "бірыңғай терезе" қағидатын пайдаланатын қолданыстағы ақпараттық жүйелер мен технологиялардың болуы (мысалы, "Теңіз порты" порталы, Port Community System);

"тәуекелдерді басқарудың ведомствоаралық жүйесі" – ведомствоаралық ақпарат алмасу есебінен тауарларды кедендік шекара арқылы өткізу кезінде мемлекеттік бақылаудың барлық түрлерін жүргізу кезінде тәуекелдерді анықтауды, алдын алуды және азайтуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "бірыңғай терезе" тетігінің элементі;

"бақылаушы органдардың және рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын органдардың ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылы" – мемлекеттік рәсімдерді жасау барысында ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйелерін пайдалана отырып, сұраулар жіберу, басқа мемлекеттік органдардан ақпарат алу мүмкіндігі;

"бірыңғай терезе" ұлттық тетігі" – "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерінің әртүрлі кіші жүйелері мен модульдері өзара интеграцияланған;

"мемлекеттік органдардың қызметтер көрсетуі үшін алымдарды төлеу" – мемлекеттік қызметтер көрсету үшін алымдарды, сондай-ақ салықтарды электронды төлем жүйелерін пайдалана отырып, төлеу мүмкіндігі;

"кедендік төлемдерді электронды төлемдер арқылы төлеу" – кедендік төлемдерді кедендік операцияларды жасау барысында тікелей электронды төлем жүйелерін пайдалана отырып төлеу мүмкіндігі;

"кедендік декларацияны толтыруға негіз болған құжаттарды электронды түрде беру " – тауарларға декларацияны жасауға негіз болған қажетті рұқсат беру құжаттары мен өзге де құжаттарды кеден органдарына қағаз жеткізгіште ұсыну қажеттілігінсіз электронды түрде ұсыну;

"бір аялдама" қағидаты" – өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылау жүргізу қағидаты, мұнда әртүрлі мемлекеттік органдар (шекаралық бақылау органдары, кеден қызметі, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, ветеринариялық-фитосанитариялық қызмет және т.б.) тиісті бақылау түрлерін бір уақытта жүзеге асырады;

"электронды кедендік декларациялау" – тауарларға декларацияны кеден органдарына қағаз жеткізгіште ұсыну қажеттілігінсіз электронды түрде ұсыну.

**Кестені толтыру үлгісі**

| Элемент | Іске асырылды | Іске асырылу процесінде | Болашақта жоспарланған | Көзделмейді |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мүдделі тұлғаларға арналған бірыңғай ақпараттық портал | + | | | |
| 2. "Бір аялдама" қағидаты | | + | | |

## II. "Бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін дамыту бойынша қабылданған ұлттық бағдарламаларды талдау

Осы бөлімде "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін іске асыру туралы ақпарат алуға бағытталған сұрақтар келтіріледі.

Әрбір сұрақ бойынша неғұрлым толық ақпарат беріңіз, сондай-ақ оларды басқа мүше мемлекеттерде тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін іске асыру кезінде алынған оң тәжірибені пайдалану мүмкіндігін бағалаңыз.

1. Қазіргі уақытта "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін дамыту бойынша қандай бағдарламалар қабылданған және іске асырылуда?

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

2. "Бірыңғай терезе" оқшау тетіктері іске асырылған жағдайда, оларды "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің бірыңғай жүйесіне интеграциялау көзделе ме?

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

3. Әрбір "бірыңғай терезе" оқшау тетігін іске асыру қандай мақсаттар мен міндеттерді көздейді?

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

4. Мүше мемлекеттерде "бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін іске асыру кезінде алынған тәжірибені пайдалану мүмкіндігін бағалаңыз:

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

**III. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құрудың техникалық мүмкіндігін бағалау**

Осы бөлім "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын дамытудың жай-күйін бағалауға бағытталған.

1. Қазіргі уақытта "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы іске асырылған ба? Егер іске асырылса, порталға сілтемені көрсетіңіз.

___________________________________________

___________________________________________

___________________________________________

2. Егер қазіргі уақытта "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы іске асырылмаған болса, таяу арадағы уақытта оны құру көзделе ме? Егер көзделсе, оны іске асыруға жауапты органды және "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын іске асырудың жоспарланған мерзімдерін көрсетіңіз.

3. Егер қазіргі уақытта "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы іске асырылмаған болса және таяу арадағы уақытта оны құру көзделмесе, себептерін көрсетіңіз.

4. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын пайдалану арқылы қандай қызметтер ұсынылады (ұсыну жоспарланған)? Қызмет көрсету іске асырылған ба немесе оны іске асыру енді ғана жоспарланған ба, соны көрсетіңіз. Егер іске асырылған қызметтер көрсету бар болса, қандай қызметтер көрсету екенін көрсетіңіз.

5. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы қандай мемлекеттік органдармен және (немесе) уәкілетті ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды (өзара іс-қимыл жасауды жоспарлаған)? Өзара іс-қимыл жасау іске асырылғанын немесе оны іске асыру енді ғана жоспарланғанын көрсете отырып, мемлекеттік органдарды және (немесе) уәкілетті ұйымдарды атап шығыңыз.

6. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың ұлттық жүйесіне қосу мүмкіндігі бар ма? (бар, жоқ, жоспарланған).

7. Мүдделі тұлғаларға "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы арқылы туарларды жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде жасалатын экпорттық, импорттық және транзиттік операциялар туралы қорытылған әрі егжей-тегжейлі ақпарат беру мүмкіндігі бар ма (жоспарланған ба)? (бар, жоқ, жоспарланған). Егер жоқ болса, мүмкіндіктің болмау себептерін және осындай мүмкіндікті жасау үшін қабылданып жатқан іс-қимылды көрсетіңіз.

8. Мүдделі тұлғалардың "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы арқылы " бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің шеңберінде ұсынылатын қызметтер көрсету туралы толық ақпарат алу мүмкіндігі бар ма (жоспарланған ба)? (бар, жоқ). Егер жоқ болса, мүмкіндіктің болмау себебін көрсетіңіз. Егер бар болса, қызметтер көрсету туралы қандай ақпарат ұсынылатынын (ұсыну жоспарланғанын) көрсетіңіз.

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

9. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталында мүдделі тұлғаларды аутентификаттаудың қандай тәсілдері пайдаланылады (пайдалану жоспарланған)? ( логин (құпиясөз), электронды цифрлық қолтаңба (электронды қолтаңба), басқасы ( нақты не екенін көрсетіңіз)).

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

10. Мүдделі тұлғаларды сәйкестендірудің "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталында пайдаланылатын ортақ сервисі бар ма (жоспарланған ба)? (бар, жоқ, жоспарланған).

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

11. Электронды цифрлық қолтаңба (электронды қолтаңба) арқылы қол қойылған мәліметтерді "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы арқылы беру мүмкіндігі бар ма (жоспарланған ба)? (бар, жоқ, жоспарланған). Егер жоқ болса, мүмкіндіктің болмау себептерін көрсетіңіз. Егер бар болса, электронды құжаттарды "бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталы арқылы беру кезінде электронды цифрлық қолтаңба ( электронды қолтаңба) соларға сәйкес қалыптастырылған ұлттық және халықаралық стандарттарды көрсетіңіз.

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

## IV. Қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін оңайлату үшін электронды сервистерді дамыту дәрежесін талдау

**Осы бөлім электронды үкімет жүйелерін дамыту дәрежесін бағалауға бағытталған.**

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету порталы бар ма, көрсетіңіз. Егер бар болса, мұндай порталға сілтемені көрсетіңіз. Мұндай порталды жүргізуге жауапты органды көрсетіңіз.

______________________________________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

2. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың қандай ақпараттық жүйелері әзірленгенін және қолжетімді екенін көрсетіңіз.

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

3. Ұсынылатын мемлекеттік қызметтер көрсету үшін электронды төлемдердің қандай тетіктері іске асырылғанын және қолжетімді екенін көрсетіңіз.

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

4. Мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттың ашықтығына қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының ресми сайттарына қойылатын талаптар бар ма? Егер бар болса, онда қандай талаптар екенін және олар қандай актілермен регламенттелгенін көрсетіңіз.

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

5. Мемлекеттік билік органдарының қызметін қоғамдық талқылау және бақылау үшін сервистер бар ма? Егер бар болса, олар қандай түрде іске асырылғанын және олардың қандай нормативтік құқықтық актілермен регламенттелгенін көрсетіңіз.

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

6. Мемлекеттік қызметтер көрсету сервистерін ұтқыр құрылғыларды пайдалана отырып іске асыру мысалдары бар ма? Егер бар болса, осындай мемлекеттік қызметтер көрсетуге мысал келтіріңіз.

________________________________________________

________________________________________________

________________________________________________

## V. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл сервистерін дамыту дәрежесін талдау

Осы бөлім ұлттық деңгейде, соның ішінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйелерінің шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінің интеграциялану дәрежесін бағалауға бағытталған.

1. Қазіргі уақытта ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың қандай жүйелері іске асырылған және пайдаланылады? Мұндай жүйелердің құқықтық, әдіснамалық және ұйымдық базасын, сондай-ақ сервистердің қолжетімділігін көрсетіңіз.

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

2. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде уәкілетті органдар пайдаланатын деректерді бірыңғай ұсынудың тәсілін үйлестіру дәрежесін мына өлшемшарттарды негізге ала отырып көрсетіңіз:

мемлекеттік деректердің бірыңғай сәулеті (бар немесе жоқ);

бірыңғай нормативтік анықтамалық ақпарат (бар немесе жоқ);

электрондық құжаттар мен сервистер құрылымының бірыңғай тізілімі (бар немесе жоқ).

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

3. Ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың іске асырылуын мониторингтеу жүйесі бар ма? Егер бар болса, онда олар қандай түрде іске асырылған?

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

## VI. "Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін дамытудың ақпараттық-техникалық негізін дамытудың проблемалары мен перспективалары

1. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамыту** үшін **ақпараттық-техникалық тұрғыдан қандай проблемалар бар екенін көрсетіңіз**:

а) мүдделі тұлғалардың мемлекеттік органдармен және уәкілетті ұйымдармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру деңгейінде:

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

б) ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінде:

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

в) мүдделі тұлғалар арасындағы ара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінде:

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

2. Анықталған проблемалар мен қиындықтарды жою үшін қандай ақпараттық-техникалық шешімдерді қолдануға болады?

а) мүдделі тұлғалардың мемлекеттік органдармен және уәкілетті ұйымдармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру деңгейінде:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

б) ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінде:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

в) мүдделі тұлғалар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру деңгейінде:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

**"Бірыңғай терезе"**
**ұлттық тетіктерін дамытудың**
**жай-күйін бағалау әдістемесіне**
**№ 8 ҚОСЫМША**

**"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдау жөніндегі есепті ресімдеу бойынша ҰСЫНЫМДАР**

1. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдау туралы есеп** мынадай схема бойынша қалыптастырылады:

а) кіріспе (бөлімді ресімдеу тәртібі "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің 57-тармағында көрсетілген);

б) мына бағыттар бойынша **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдаудың нәтижелері**:

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің жекелеген элементтерін іске асырудың жай-күйін бағалау** (экспресс-талдау);

оң тәжірибелерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде қолдануға болатын **"бірыңғай терезе" оқшау тетіктерін дамыту жөніндегі қолданыстағы ұлттық бағдарламаларды бағалау**;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігінің порталын құрудың техникалық мүмкіндігін талдау**;

ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, өзара іс-қимыл рәсімдерін оңайлату үшін сервистерді дамыту дәрежесін бағалау;

ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл сервистерін дамыту дәрежесін бағалау ;

**"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** дамытудың ақпараттық-техникалық негізін дамытудың проблемалары мен перспективаларын бағалау;

в) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін дамыту жөніндегі ұсынымдар;

г) қорытынды (бөлімді ресімдеу тәртібі "Бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерін дамытудың жай-күйін бағалау әдістемесінің 62-тармағында көрсетілген);

д) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдау жөніндегі есепке қосымша.

2. **"Бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізін талдау жөніндегі есепке қосымша ретінде мыналарды ресімдеуге болады:

а) есепте қаралып отырған тақырып бойынша анықтамалар немесе ақпараттық жинақтар;

б) тиісті тақырып (мәселе) бойынша негізгі мазмұнды талдамалық шолу;

в) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** енгізу мен дамытудың ақпараттық-техникалық негізінің проблемаларын ашатын мақалалар, брошюралар, монографиялар және басқа да баспа жұмыстары;

г) **"бірыңғай терезе" ұлттық тетігін** енгізу мен дамыту мәселесі бойынша қолда бар оң тәжірибені ескере отырып қалыптастырылған ұсыныстар мен ұсынымдар қамтылған баяндама жазбахаттар, мүдделі органдарға хаттар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК